## «Мейрімді алақан» тақырыбында өткен акция ақпараты

№46 Абай атындағы жалпы білім беретің мектебінде «Ізгі істер марафоны» жобасы аясында «Мейрімді алақан» тақырыбында акциясы бастауын алды. Акцияның негізгі мақсаты - жағдайына демеу беруін күтетін жандарға, ата-ана қамқорлығынан қалған балаларға көмек ету, ізгі ниетпен қолдау. Қайырымдылық – ең тәуір нәрсе ғана емес, сонымен бірге ең ізгі нәрсе,- дегендей әрқашан көмек қолын созғанға игі ісімізді көрсетсек нұр үстіне нұр болады. Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік, қайырымдылық. Жомарт болу, қайырымды болу — өзіңде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. «Жанашырлыққа — жан риза» дегендей кемтар, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы.

#біртұтас_тәрбие

#Біртұтас_тәрбие

#MeruertMedetbekova

#АнарТәңірбергенова

Әлеуметтік педагог: Т.Байгабилов

Сканировано с CamScanner








Сканировано с CamScanner